



Kazakhstan **2050**

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге
қабілеттілік»



Қуатты да табысты мемлекет

Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз


Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі

Әлемдік қоғамдастық таныған ел

Түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы

Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті әлеуметтік саясат

Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз



**Тіл тағдыры көбіне-көп бұқараның
белсенділігімен, биліктегі қазақ
азаматтарының ұлтжандылық
қасиеттерінің биіктігімен шешілетіні-
де дау туғызбайды. Біздің ең басты
жолымыз да осы болуға тиісті.**

**Бұған жиырма екі жылдық
тарихымыздағы жаңа өміріміз-де,
алдыңғы қатарлы елдердің тарихи
тәжірибелері-де толық дәлел бола
алады. Халқымыз тәуелсіздіктің
рухани қуатын толық сезінгенде ғана
Елбасымыздың «Қазақстанның
болашағы қазақ тілінде» деп қойып
отырған қазіргі стратегиялық
мақсаты күнделікті
шындыққа айналары сөзсіз.**

.

Өз Отанының патриоты болу — бұл Қазақстан. Тұтас аумағына бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жеріміздің сан ғасырлық тарихы да, қазақ жерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» қорғай білген ата-бабаларымыздың ерлігі мен батырлығы да осы ана тіліміз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, ұлы мұраға айналды

Ендігі қазақ қоғамында көпшілікті толғандыратын мәселенің бірі - діни ахуалдың жай-күйі. Әрине, біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мәзхәбын ұстанатын сунниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген

Мемлекеттік тіл саясаты — қай уақытта болсын мемлекет тарапынан баса назар аударар басым бағыттардың бірі. Біз тұтас қоғам болып, ұлтымызға қарамай, мемлекеттік тілді толық меңгермейінше, мықты мемлекет құра алмайтынымызды, мемлекеттік тіл — халықты біріктіруші басты фактор екенін Елбасы әр жылғы Жолдауларында ұдайы тілге тиек етіп келеді

Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады.

II. XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері

1. Бірінші сын-қатер - тарихи уақыттың жеделдеуі
2. Екінші сын-қатер - жаһандық демографиялық теңгерімсіздік
3. Үшінші сын-қатер - жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер
4. Төртінші сын-қатер - судың тым тапшылығы
5. Бесінші сын-қатер - жаһандық энергетикалық қауіпсіздік
6. Алтыншы сын-қатер - табиғи ресурстардың сарқылуы
7. Жетінші сын-қатер - Үшінші индустриялық революция
8. Сегізінші сын-қатер - үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық
9. Тоғызыншы сын-қатер - өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы
10. Оныншы сын-қатер - жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі